

махаббатының беріктігін кіршіксіз сақтаған қасиетті дәстүрін бүгінгі ұрпаққа жеткізушілер, болашаққа ұластырушылар.[2, 3]

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті дамуының үдерісінде қазақ драматургиясы игерген өзекті мәселелердің бірі – ұлттық тарихымыздағы ақтандақ болып келген тақырыптарды көркем шындықпен жазу. Қазақтың ұлттық тарихындағы дербес мемлекеттік құрылыммен қалыптасуымызға, халық болып танылып, сақталуымызға қайраткерлікпен-көсемдікпен өмірін арнап, еңбек еткен хандарымыздың (Керей, Жәнібек, Абылай, Кенесары), би-шешендеріміздің (Төле, Қазыбек, Әйтеке, т.б.), ақын-жырауларымыздың (Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, т.б.), батырларымыздың (Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Сырым, Исатай, Жанқожа, т.б.), ғұлама-ағартушыларымыздың, қоғам қайраткерлерінің (Әбунасыр әл-Фараби, хакім Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов), т.б. ондаған тарихи тұлғаларымыздың сөз өнері туындыларындағы көркем бейнеленуі жаңаша серпінмен өркендеді. Әсіресе, ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасынан басталған ұлт тарихының бұрын әдейі назарға алынбай келген тұстары асқақ рухты романтизм мен сыншыл реализм көркемдік әдістері тұрғысынан мол қамтыла жазыла бастады. Әдеби тек түрлері (эпос, лирика, драма) жанрларының барлық салаларында елеулі туындылар жазылып, оқырмандарға ұсынылды.

Драматургия саласында да халық ықыласпен қабылдаған тың туындылар жазылып, республика театрларының сахналарында қойылумен келеді.

Сәкен Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» (Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов бейнелеріне арналған), Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан», М. Байсеркеұлының «Абылайханның ақырғы күндері», «Кек қылышы Кенесары», Жолтай Әлмашұлының «Сана дерті», «Абақты-ғұмыр», «Фрустракция» (Нәзір Төреқұлов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин туралы) пьесалары – қазақ тарихының ақтандақ беттерін көркем шындықпен өрнектеген туындылар.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетіндегі драматургия саласы әлем өркениетіндегі классикалық үрдістерді жаңғырта жалғастырған сипатымен байқалады. Көркем әдебиеттің байырғы салаларының бірі болып саналатын қазіргі қазақ драматургиясындағы туындыларды уақыт талабына орай ғылыми-теориялық зерттеулер аясында жаңаша зерделеп, жан-жақты қамтып қарастыру – өзекті мәселе. Уақыт еншісіндегі осы өзекті мәселенің зерделеуіндегі жаңа ізденістеріміз жалғаса береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрғалиев, Р. Айдын: қазақ драматургиясының жанр жүйесі. - Алматы: Өнер, 1985.
2. Балғабаев, С. Бүгінгі күн: қазақ драматургиясы және театр репертуары. // Қазақ әдебиеті. - 2009. - 5-11 маусым (№24-25).

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА СЮЖЕТІНІҢ МОТИВТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

*Жумагелдин Ж.Ш., филология магистрі,
Алмасова С.Е., студент
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазіргі таңда сюжетология әдебиеттанудың жеке бір саласы ретінде қарастырылып келеді. Сюжеттің жеке элементтері анықталып, олардың түрлі санаттары айқындайтын жеке зерттеу еңбектері жарық көре бастады. Сюжеттің осы күнге дейін жақсы зерттеліп кеген элементтеріне ситуация, шиеленіс, коллизияны жатқызуға болады. Шетел және орыс әдебиеттануында бұлардан бөлек, «мотив» сюжеттің басты элементтерінің қатарына қосушы пікірлер де жиі ұшыраса бастады. Осы мақалада әлі де болса көптеген тың ойлар мен зерттеулерді қажет ететін, сюжеттің мотивтік құрылымы жөнінде сөз болмақ. Сюжеттің мотивтік құрылымын қарастыру бізге сюжет тұрақтылығы мен композиция өзгермелілігінің арасындағы, мәтін мен мазмұнның аржігін айқындап алуға көмектеседі. Сонымен бірге, мотивтік құрылым сюжеттің басқада элементтерінің туындау себептерін көрсетіп береді.

Сюжеттің бізге белгілі элементтері бір шығарма бойында да дәстүр шеңберінде де қайталануы

мүмкін. Мұнан келіп мотив түсінігі шығады: сюжеттің немесе фабуланың кез келген тұрақты қайталанушы элементі (коллизия, оқиға, жағдаят). Әдеби шығарманың тегіне байланысты мотивтер лирикалық, эпикалық және драмалық болып келеді. Лирикалық мотивке ақынның оқыс бір сезімді сезінуі немесе қандай да бір ауыр сәтті басынан өткеруі болса, эпикалық мотивтер жанрына байланысты әр түрлі болады (мысалы, М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесіндегі Бақтығұлдың кегі), ал драмалық шығармада туыстар арасындағы тартыс, күнә мен әділеттіліктің орын алуы сияқты мотивтерді көре аламыз.

Сонымен, мотив дәстүрлі немесе белгілі жазушының шығармашылығына ғана тән, тіпті бір шығармаға ғана тән сюжеттің қайталанушы элементі. Жеке тұлғалық мотивтерге О. Бөкей шығармаларында кездесетін адамның қоғамнан алыстауы, жеке дара ғұмыр кешуі сынды ерекшеліктерді жатқызсақ, оқшау мотивке Ә. Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романындағы көк мұнараның салынуын қарастырамыз.

Осыдан келе, бір сюжетте бірнеше мотивтер жиынтығы болуы мүмкін және ол «мотивтік жиынтық» деп аталады, ал керісінше, егер шығарма бір-бірімен тығыз байланысты мотивтер қатарынан тұратын болса, онда сюжеттің өзі мотивтер мен олардың арасындағы тұрақты жүйелі байланыстардың тұтас бір құрылымы деп айта аламыз.

Басқа бір қырынан, мотив мәтінмен байланысты. Бұл жерде ол белгілі бір сөздермен беріледі. Екінші жағынан, мотив тақырыппен байланысты. Кез келген сөзбен берілген мотив тақырыппен байланысты болады, бірақ тақырыптың өзі негізінен алғанда, мотивті, соның ішінде атауы арқылы берілетін басты мотивті көрсетеді. Демек, мотив сюжеттің элементі есебінде мәтін мен тақырып арасындағы сюжеттің көрсеткіші деп анықталады.

Жоғарыда айтқанымыздай, «мотив» термині зерттеушілерде әдеби көркем шығарманың екі аспектісінде қарастырылады: біріншіден, сюжеттің оның құрамында қайталанатын немес дәстүрден белгілі элементі, екіншіден, оқиғаны немесе жағдайды сипаттап беру үшін таңдалынып алынған енді сюжеттің емес, мәтін құрамының элементі болып табылатын сөз қолданысы. [1, 176-182]

Сюжетті зерттеу барысында аталмыш аспектілердің аражігін айқындап алу қажеттілігін алғаш көрсеткен П.В.Пропп болды. Ол «функция» түсінігін енгізді. Ғалымның пікірінше, ертегі кейіпкерлерінің бірдей іс-әрекеттері әр түрлі сөздік қолданыс арқылы берілуі мүмкін. Мұндай әрекеттерді «функция» деп атай отырып, ғалым келесі мысалды көрсетеді: «... егер кейіпкер ұшқыш-кілемге отырып, ұша жөнелсе», бұл – әрекет, ал функция оның «мақсатты жерге жеткізілуі, ал ұшу – осы функцияның жүзеге асырылу формасы».

Мәтінде дәстүрлі сөз қолдансы арқылы берілетін мотивтерді басқа да кең мағыналы абстрактілі, логикалық мотивтердің нышаны ретінде қарастырған жөн. Басқаша айтқанда, бірінші түрдегі мотивтер (дәстүрлі сөз қолданысы) мәтін құрамына кіреді және оқырман иялын бағыттаушы ғана рөлін атқарады, бірақ оған байланысты емес. Ал екінші типті мотивтер («функциялар») оқырман қиял мен жазушы шығармашылығының туындысы және ол кейіпкердің әлеміне, сюжет құрылымына тиесілі.

Функция-мотивтердің логикалық мағынасы тұрақты, ал сөз арқылы берілуі автордың қолданысына байланысты өзгеріп отырады.

Ендігі кезекте сюжеттің мотивтік құрылымын қарастырсақ. Әдбиеттану оның үш түрлі қабатын бөліп қарастырады: біріншісі, жоғарыда аталған мотивтің авторлық сөз қолданысы арқылы берілуі. Келесі қабат Дж.Г. Кавелти көрсету бойынша сөздік форма таңдалынып алынғаннан кейін, автор енді әрекетті мейлінше кең мағынасында көрсету үшін мейлінше жалпылама ұғымды пайдалануға тырысады. Мәселен, «Аңыздың ақыры» романында бәйбішесі ханға «қыыл» алам жібереді, бұл жерде «қызыл» жастықтың, албырттықтың белгісі есебінде алынса, келесі кезекте Алмас хан алма ішінінен құртты көргенде, «құрттың» ірілі-ұсақтығы, сипаттамасы берілмейді. Себебі «құрт» мағынасы жалпылама ұғымға ие болып, белгілі бір детальділікті қажет етпейді. Яғни, сипаттама берілмесе де, оның мағынасы кең әрі түсінікті. [2, 73-74]

Мотивтік құрылымның келесі бір тереңдетілген қабатын О. М. Фрейденберг көрсетіп берді. Ғалымның пікірінше, сюжет әрекет жасаушы метафорлар қатарынан тұрады, яғни метафорлар негізгі образды берудің жолдары болып табылады. Көптеген сюжеттер негізгі образдың бөлекше берілуіне құрылады. Мысалға, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы мен Б.Майлиннің «Раушан – коммунистін» алып көрейік. Сюжеттік желі: а) ауыл қызы – жапа көреді-қалаға келеді - оқиды

– мақсатына жетеді; ә) ауыл әйелі- сайланады- оқиды- мақсатына жетеді. Екеуі екі түрлі формада дамығанымен, сюжеттік желі -бір. Қазақ әйелінің оқып мұратына жетуі. Яғни, бір сюжеттік желінің екі түрлі метафорлар арқылы берілуі. Мұны Фрейденберг синономиялық мотивтік құрылым деп көрсетеді.

Енді сюжетті кезектескен мотивтік желі ретінде қарастырғанда, біз оның Пропп классификациясы бойынша «жүйекұрушы» немесе «өзгермелі» екенін аңғара аламыз. Мысалға, ертегілердегі кейіпкердің жолға аттануы мен сол жолдан қайтып келуі бір мотивтің «өзгермелі» екі варианты болып табылады. Ал жолға шығу, қиын тапсырма, жеңіс, қайтып оралуы және мұратына жетуі сюжеттің «жүйекұрушы» мотивтік құрылымы болып табылады.[3, 123-125]

Қорытындылай келе, сюжеттік желіні әрекетке бастап отыратын, жағдаяттар мен оқиғаларды туындатып отыратын мотив екені белгілі болды. Мотив сюжет композицияға байланысты сөз формасында өзгергенімен, мағыналық тұрғысынан тұрақты. Егер сюжет мотивтердің кезектескен желісінен тұрады десек, егер мотивтердің мағынасы тұрақты болса, онда сюжет те тұрақты. Дәстүрде немесе белгілі бір жазушы шығармашылығында сюжеттік ұқсастықты дәлелдеу барысында мотивтердің ұқсастығын алға тарта аламыз. Сюжеттің мотивтік құрылымы шығарманың сюжеттік құрылымын терең зерттеуге мүмкіндік туғызады, оқиғалардың туындау себебін түсіндіріп береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Томашевский Б.Ф. Теория литературы. Поэтика. –М., 1987. - 345 б.
2. Пропп В.Я. Морфология сказки. – Л., 1928. – 125 б.
3. Фрейденберг О.М. Поэтика сюжета и жанра. - М.,1997. -225 б.

ГОТИКА ЖАНРЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

*Жумагелдин Ж.Ш., филология магистрі,
Исабек Н.Ж., студент
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әдебиеттегі «готика» ұғымын қорқыныш, фантастика және шытырман оқиғалы шығарма жанры анықтайды. Алғашқы бұл жанрды ашушы болып ағылшын жазушысы Хорас Уолпал және оның романы «Отранто құлпы» болып есептеледі.

Бүгінгі күнде «готика» термині көптеген өнердегі, тарихтағы және мәдениеттегі бағыттарымен байланысты. Термин архитектура, әдебиет, кескіндеме және музыка салаларымен тікелей байланысты. Алайда, терминнің түпкі мағынасы, әрине, герман халқының «гот» сөзінен шыққан. Готтар көптеген туыстық жағдайда болғанымен, герман халқымен жаулас болған. Олар әр уақытта өздерінің көрші елдерімен қырғи-қабақ жағдайда болды, тек қана римдерге қарсы соғыста ғана одақтасты. Олардың атағы жайылған кезең 5 ғасырда, яғни батыс және шығыс готтар Римдіктерді жеңіп алғаннан кейін және Испанияның көп бөлігін жаулап алғаннан кейінгі кезең болды. [1, 113]

«Готика» терминінің тағы басқа мәнге ие болуына көптеген ғасырлар өтті. Орта ғасырларда қайта өрлеу дәуірінде классикалық мәдениеттің екінші тууы «готикалық» деп аталатын архитектуралық стиль дүниеге келді. Бірнеше ғасырлардан кейін бұл терминді авторлар көне ғимараттардың готикалық стилін және құпия тарихына байланысты романдар тегін атай бастады.

Готикалық роман 18 ғасырдың ортасында романтизм тұсында пайда болып, 19 ғасырда ерекше танымалдылыққа ие болды. Сол кездегі Англиядағы романдардың қатаң тәртіптегі стильдеріне қарсы реакция ретінде болды. Бірақ готикалық романдарды балаларға арналған романтизм деп қарауға болмайды. Оның тамыры ортағасырлық қорқынышты оқиғалардан, ел арасындағы сан алуан әңгімелерінен, наным-сенімдерінен бастау алады. Бұл бұрынғы айтылымдар қазіргі готикалық шығармаларда көрініс табады. Мысалы, Стивен Кинг немесе Энн Райстан көруге болады.

Бірінші готикалық шығарма 1764 жылы жарияланған Хорас Уолполдың «Отранто құлпы» болып саналады. Автордың айтуынша, оны қазіргі, сонымен қатар ортағасырлық романдар қызықтарған. Алайда, екі жанрдан да олқылық байқап, сол кемшіліктерден өзінің романында түзеткісі келген. Оның айтуынша, ескі ортағасырлық романдар – тым қиялға берілген, ал қазіргі романдар – шындыққа жақын. Алайда, сынға қатты алынған бұл жанрды әдебиет принциптарына